

«Өрлеу» біліктілігін арттыру ұлттық орталығы  
акционерлік қоғамының филиалы «Ақтөбе облысы  
бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін  
арттыру орталығы»

# «Технология мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамытудың жаңа бағыттары».

Жоба



Дайындағандар:

*Мәртөк ауданы, Кеңсахара орта мектебі*

**Ильясова А.Т**

*Шалқар қаласы, №5 орта мектебі*

**Арзықұл Ж.Н.**

Тексерген: **Бухарбаев Б.Қ.**

2015 жыл

*«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»*

*( Н.Ә.Назарбаев)*



## **Жобаның паспорты**

**Жобаның атауы:** *«Технология мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамытудың жаңа бағыттары».*

### **Жобаның мақсаты:**

- педагогикалық технологияның заманауи деңгейде жүзеге асуын қамтамасыз ететін технологиялық даму стратегиясын пайдалану;

### **Жобаның міндеттері:**

- Нәтижелі оқыту үрдісін ұйымдастыруда ұстаздың бастапқы кәсіби біліктілік деңгейін білу және оның қалай жетілетінін анықтаудың маңызы зор;
- Ақпараттық технологияларды пайдалана білу;
- жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге мұғалім мен оқушының даярлығы;

## *Өзектілігі:*

Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған «Орта білім алу міндеттілігі» қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабын оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл тұлға қалыптастыруын қойып отыр.

Ел Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерін, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады...» деген сенімі жай айтылған сөз емес. Бүгінгі білім беру талабына орай білім беру мазмұны, мақсаты қайта қаралып, түбегейлі жаңартылуы керек.

«Орта білім берудің мақсаты жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында нықтап атап көрсетілген. Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру ісі балалардың жас ерекшелігіне сай бағытталуы, ортаның әлеуметтік - мәдени өзгеруіне икемделіп отыруы.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «... Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Менің ойымша мұғалімнің бойында осы қасиеттердің барлығы болса, мұғалім оқушыларына толыққанды білім береді.



Белгілі педагог К.Ушинский: «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды» - деген. Сондықтан ұстаз-шәкірт-ұстаз болуы қажет. Белгілі ағартушы педагог ғалымдар: С.Қалиев, Ә.Нысанбаев, Ш.Т.Таубаева, Қ. Жарықбаев, Б.Барсай тағы басқа ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалімнің мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдығын бірнеше бөліктермен анықтауға болады.

1. Мұғалімнің сыртқы келбетінің мәдениеті
2. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі
3. Мұғалімнің кәсіби мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалуы, дауыс ырғағы, сазы
4. Ілтипаттылығы, сенімі, әділдігі, төзіммен сабыр сақтауы

Ұстаздық қызметтік қыры мен сыры мол, сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір қыр-сырын жетік меңгеру, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны күмәнсіз.

## ***Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуың жаңа бағыттары:***

Сабақта мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні одан да маңыздырақ. Нағыз ұстаз, міне, осынысымен бағаланады.

Оқу қызметі – адамның оқу міндеттерін шешу процесінде теориялық білімдер мен қызмет тәсілдерін игеруіне бағытталған негізгі қызмет түрлерінің бірі. Оқу қызметін жүйелі жүргізу оның субъектілерінде негізгі компоненттері мазмұнды абстракция, жалпылау, талдау, жоспарлау және рефлексия болып саналатын теориялық танымы мен пайымдауының жедел дамуына жағдай жасайды.

Мектептердегі оқыту процесі мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Оның қызметінің мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады.

Мұғалім оқушыларға бірте – бірте күрделі талаптар қояды, соның арқасында баланың танымдық ойының ілгерілеу қозғалысын қамтамасыз етеді.

Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды: қойылған талаптарға сәйкес мазмұн таңдайды, оқытуды ұйымдастырудың әр алуан түрлерін пайдаланады; соның көмегі арқасында мазмұн оқушының игілігіне айналатындай әр түрлі әдістерді пайдаланады.

**Технологиялар**

```
graph LR; A[Технологиялар] --> B[Дамыта оқыту технологиясы]; A --> C[Ұжымдық оқыту технологиясы]; A --> D[Проблемалық оқыту технологиясы]; A --> E[Жобалап оқыту технологиясы]; A --> F[Модульдік оқыту технологиясы]; A --> G[Даралап, саралап оқыту технологиясы]; A --> H[Интеграциялық оқыту технологиясы];
```

**Дамыта оқыту технологиясы**

**Ұжымдық оқыту технологиясы**

**Проблемалық оқыту технологиясы**

**Жобалап оқыту технологиясы**

**Модульдік оқыту технологиясы**

**Даралап, саралап оқыту технологиясы**

**Интеграциялық оқыту технологиясы**



Нақтылы мақсатқа негізделген  
болашақ оқу үрдісінің жобасы

Көзделген нәтиженің  
орындалу кепілі

Сатыланған және  
тәртіптелген  
іс-әрекет жүйесі

# Технология

Мұғалімнің кәсіби  
қызметін жаңартушы


Білім беру  
стандартының негізгі  
талаптарына жетудің  
нақты жолы

Жоспарланған түпкі нәтижеге  
жетудің кепілдік берерліктей іс-  
әрекеттер жиынтығы

# Технологиялық оқытуда

## Оқушы іс - әрекеті

- оқушы - оқыту субъектісі
- мақсатқа дербес, өз іс-әрекетімен жетуші, белсенді тұлға.
- өз-өзін, бір-бірін оқытушы.
- өнерпаз, жасампаз еңбек иесі
- өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға (сапалы өнім шығарушы)



## Мұғалім іс - әрекеті

- жеке тұлғаға бағытталған тапсырма ұсынушы, нақты мақсат қоюшы.
- бағыт-бағдар беруші, кеңесші, ақылшы.
- оқушының жетістігін құптаушы, ынталандырушы.
- мақсатқа жетелеуші, оның тиімді жолын ұсынушы.
- қабылдап алушы, сарапшы, ақыл-кеңесші.
- әділ би.

**Тапсырманы еске түсіру тесті - оқушылар сұрақ орнына белгілі бір фактіні келтіреді.**

**Мысалы: Табиғи жүн неден алынады? т.б.**

**Құрастыру ережелері:**

- Сұрақ қысқа әрі нақты болуы тиіс;
- Қарапайым болуы керек;
- Жауабы қысқа әрі түсінікті болуы керек;

**Қосымша тест тапсырмалары - Бақылау жұмысы.**

**Құрастыру ережелері:**

- Сұрақ анық әрі нақты болуы керек;

- 1.Қауіпсіздік ережелерін еске түсір?
- 2.Электр плитамен жұмыс істеу?
- 3.Санитарлық – гигиеналық талаптар қандай?
- 4.Тағам даярлаудың негізгі әдістері?
- 5.Тағам даярлаудың қандай әдісі пайдалы деп саналады?

1. Табиғи жүн неден алынады?

а) қой, ешкі, түйе.

ә) қой, сиыр

б) ешкі, жылқы, түйе

2. Табиғи жібек қандай болады?

а) өте жуан

ә) орташа

б) өте жіңішке, орташа

3. Қуыршақтағы жібек жібінің ұзындығы қандай?

а) 700-800 м

ә) 600-700 м

б) 800-900 м

4. Жібек шикізаты деп не айтады?

а) бірнеше қуыршақтың жібін біріктіру

ә) құрт қуыршағы

5. Табиғи жібек неден алынады?

а) қой жүнінен

ә) тұт жібек құртынан

б) арнайы жібектен

6. Матаның сапасы неге байланысты?

а) талшықтардың құрылысына

ә) талшықтардың құрамына

б) талшықтың қасиетіне

7. Жүн талшығының ұзындығы қандай?

а) 10-250 мм

ә) 15-200 мм

б) 5-200 мм

8. Физикалық - механикалық құрамына нелер жатады?

а) беріктігі, қыртыстану, төзімділігі

ә) ауа өткізгіштігі, жылу сақтағыштығы

б) отыруы, сетінеуі, ыдырауы

9. Гигиеналық құрамына қандай қасиеттер жатады?

а) беріктігі, қыртыстануы

ә) ылғал, шаң өткізгіштігі, жылу сақтағыштығы

б) отыруы, сетінеуі, жіптің ыдырауы

10. Технологиялық қасиеттеріне нелер жатады?

а) беріктігі, қыртыстану

ә) ылғал, шаң өткізгіштігі, жылу

б) отыруы, етінеуі, жіптің ыдырауы

## *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. ІІІ басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
- Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары « Педагогтің кәсіби өсуі - білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы, Алматы, 2013 ж., І бөлім, 482 б.
- Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. //Білім әлемі. Алматы., 2004 ж. №6.
  1. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту
- Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы,
- Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. – Алматы:
- Ғаламтор деректері

**Назарларыңызға  
рахмет!**

